



Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Брифинг

Қалыптасқан серпін – нәтижелі еңбектің жемісі

Аймақта қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Бұл туралы Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев баяндады. Жалпы облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қарқынына келсек, барлық салада өсу бар, өрлеу бар. Ал мұның түбінде үлкен еңбектің жатқанын жақсы білеміз.

2022-2024 жылдары облыс экономикасына 1 трлн 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылған. Биыл 631 млрд 400 млн теңге жоспарланған. Бүгінде жаңа жобаларды іске қосу арқылы инвестиция 750 млрд теңгеден асып, жоспар артығымен орындалып отыр. 2021 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 233 пайыз артса, жеке инвестиция үлесі 70 пайызды құрайды.

Экономиканы өртарлапандыруда алдағы жылдары 2,8 трлн теңгенің 98 инвестициялық жобасы жоспарланған. Бұл 12 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік бермек. Биыл 300 млрд теңгеден астам қаржыға 27 инвестициялық жоба іске қосылды.

Облыста ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі жыл сайын артып келеді. Биыл бұл көрсеткіш 234 млрд 800 млн теңгеге жетті. Қазіргі таңда 6 млрд 400 млн теңгеге құрайтын 9 жоба іске қосылған. Ауыл шаруашылығының машина-трактор паркі жаңартылып, 2022-2024 жылдары 21 млрд 800 млн теңгеге 647 техника алынса, биыл 4 млрд 700 млн теңгеге машина-трактор паркі 139 ауыл шаруашылығы техникасымен толыққан.

Көшпелі науқанда уақытында қабылданған шешімдердің негізінде егіс алқаптары толық сумен қамтамасыз етіліп, өгінді шығынсыз алып қалуға барлық жағдай жасалды. Президент тапсырмасымен аймаққа Премьер-министр бастаған Үкімет



делегациясы арнайы келіп, шаруалардың жағдайымен, егістің жай-күйімен танысты. Төтенше жағдайлар министрлігі өлімділің барлық өңірінен 139 қызметкерден құралған жеке құрамды жеткізіп, екі ай бойы шаруалардың игілігі үшін ауқымды жұмыс атқарды. Үкімет резервінен 53 насос қондырғысын алуға қажетті қаржы бөлінді. Дер кезінде қабылданған шешімдер егінді шығынсыз жинап алуға жол ашты.

Өңірде биыл 189 600 гектарға егін егілді, 80 900 гектар күріштің әр гектарынан 58,1 центнерден өнім алынып, 470 мың тоннаға жуық астық жиналды. Аймақта су ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, су шығынын азайту мақсатында егістікке жаңа технологиялар енгізілуде. Биыл ди-

кандар күріш алқаптарының 60 мың гектарын лазермен тегістеп, суды үнемдеп, өнімділікті арттырды. Су үнемдеу технологиялары 8 100 гектарға пайдаланылып, өткен жылмен салыстырғанда 2 есе ұлғайды.

Егін шаруашылығын өртарлапандырып, су үнемдеу технологиясын енгізген шаруашылықтарды мемлекеттік қолдауға алдағы 3 жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Мемлекет басшысы суды көп қажет ететін дақылдар егісін оңтайландыруды, оның орнына ылғалға төзімді, өнімділігі жоғары, суранысқа ие жүгері, майлы дақылдар көлемін арттыруды тапсырды. Бұл бағытта жүгеріні терең өңдейтін Қызылорда крахмал-сірне зауыты жобасы 2025-2029 жылдары ара-

лығында екі кезеңде іске асырылады. Бірінші кезеңде кептіру кешені, екінші кезеңде жүгеріні терең өңдейтін зауыт салынады. Зауытқа 35 гектар жер телімі табысталып, 10 мың гектар ден жүгері егуге шаруалармен келісім жасалды. Одан бөлек шыршариялық «Харвест Групп» компаниясымен бірлесіп, 21 мың гектарға техникалық қарасора, жүгері және соя өсіріледі, агроиндустриялық кластер құру жоспарлануда. Бұл жобалар аймақтың егін шаруашылығын өртарлапандырып, саланы жаңа деңгейге көтеруге оң ықпалын тигізеді.

Сыр өңірінде экономиканың барлық саласында 2022-2024 жылдары 80742 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Ал 2025 жылдың 11 айында 27 964 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру» тапсырмасы 2022-2024 жылдары 42 пайыз артығымен орындалған. Нәтижесінде 37 мыңа жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Ал биыл 12 мыңнан астам жұмыс орны ашылып, жоспар 12,9 пайыз артығымен орындалып отыр. 2023-2025 жылдары «Ауыл аманаты» жобасы аясында 100-ден астам елді мекенде 6 млрд 828 млн теңгеге 943 жоба жүзеге асырылып, жаңадан 1 303 жұмыс орны құрылды. Осындай жарқын жобалардың арқасында аймақта жұмыссыздық деңгейі жыл сайын төмендеп келеді. Атап айтсақ, 2022 жылы 4,9, 2023 жылдың 4,9, 2024 жылы 4,8 пайыз болса, 2025 жылдың 3 тоқсанының қорытындысымен 4,6 пайызды құрады.

Облыстың барлық елді мекені 100 пайыз орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Мемлекет басшысының елді мекендерді түгелдей орталықтандырылған сапалы ауызсумен қамтамасыз ету тапсырмасы 100 пайыз орындалды. Мәселен, Арал қаласынан 120 шақырым жерде, яғни ең шалғай орналасқан Ақбасты ауылына да су жеткізілді.

Жалғасы 2-бетте

Еңбек адамы

Дәнекерлеуді дәріптеген Айдарбек

Қыстың қытымыр аязын таңның әлсіз шуағы әрең басып тұрған шақ. Азанмен аудандағы «Серпін» индустриалдық аумағын бойлай өтсеңіз, мезгілдің мінезді ауа райына мойымай, тынымсыз тірлікке кіріскен нысанға көзіңіз түседі. Бұл – өз ісіне берілген кәсіп иесі Айдарбек Жанұзақовтың ашқан дәнекерлеу шеберханасы. Мұнда темірдің демі бар, еңбектің ыстығы бар. Маусымның саршунақ суығы емес, маңдай тер ғана үстем.

Айдарбек Бекайдарұлының кәсіби жолы – жылдар бойы жиналған тәжірибенің жемісі. Негізгі мамандығы – дәнекерлеу. 2009 жылдан бастап Алматы, Атырау сынды өндірісі қайнаған қалаларда еңбек етіп, темірмен тіл табысудың қыр-сырына қанықты. Үлкен қалалардағы қарбалас тірлік, жауапкершілігі зор нысандар шеберлігін шыңдап, қолтаңбасын қалыптастырды. Арада жылдар өткенде туған топыраққа оралып, осы бағытты ауданда қолға алғанына он жылға жуықтапты. Бастапқыда үй іргесіндегі қарапайым қызығушылық қана болған іс, уақыт өте маңдай термен сауарылған мағыналы еңбекке ұласқан.

Биыл ол кәсібіне тың серпін берді. Пайыздық үстемексіз 6 пайыздық жеңілдетілген несиеге қол жеткізіп, 6 миллион теңге көлемінде қаражатты өндірісті ұлғайтуға бағыттады. Нәтижесінде шеберханаға екі бірдей станок әкелініп, кәсіпорынның мүмкіндігі, істің тынысы кеңейді.

Өндіріс ошағына таяй бергенде-ақ тіршіліктің лебі аңғарылады. Іштен емес, сырттан естілген сарт-сұрт үн құлаққа шалынды. Темірді жонып, қырқып жатқан аппараттың бірқалыпты дыбысы айаланы жаңғыртып тұр. Темірге жан бітірген еңбек ырағы. Мұнда тыныштықтың өзі қозғалысқа бағынған. Шеберханада темірден түйін түйе болатын барлық бұйымның түрі жасалады. Қарапайым қақпа мен қоршаудан бастап, тұрмысқа қажетті саналуан темір бұйымдарға дейін шығады. Ал соңғы бір жарым жыл көлемінде кузов жасау ісі жолға қойылып, жұмыс ауқымы бұрынғыдан да кеңейді.

Қызылорда өңірінің орналасу жағдайы материал құнын қымбаттататыны белгілі. Бірақ баға емес, сапа сөйлейтін тұста адал еңбектің жолы әрдайым ашық. Сапалы істі алысты таныған тапсырыс берушілер жолдың



ұзақтығына қарамастан, осы жерге сенім артады.

– Материал қымбат болса да, деңгейді төмендетпейміз. Соның арқасында өткен жылы Жезқазған қаласынан бірнеше тапсырыс қабылдап, уақытылы жібердік. Қазір Шымкент, Семейден де хабарласып, тапсырыс беретіндер бар, – дейді кәсіпкер.

Сөз арасында неге бұл салаға бет бұрған жастардың қатары сирек екенін де сұрадық. Кәсіпкер сәл ойланyp алып, өңімінен байыппен жалғады. Қоғамға тек кеңсе жағалаған емес, қара жұмыстың да жүгін арқалай алатын азаматтар қажет екенін ашық айтты.

– Бірнеше бітіруші студентке келіп үйренем десендер, қарсы емеспін дедік. Бірақ көбінің көзі жеңіл жұмысқа түседі. Ренжімеймін, бұл да заңдылық шығар. Өзім де балаларымның таза, жайлы жерде еңбек еткенін қалаймын. Өзім бір-екі күн жұмысқа келмей қалсам, үйге сыймай кетемін. Таза киініп жүрсем де, ақыры осы шеберханаға тартып тұрамын. Өйткені бұл – менің жаным сүйетін іс, – дейді бар жан-тәнімен ағынан жарылып.

Тыңдап тұрып, мамандыққа деген құрмет пен еңбектің қадірін терең сіңген адамның шынайы, жігерлі көзқарасы анық сезіліп тұрды.

Бұл кәсіптің сырт көзге жеңіл көрінетіні бар. Ал іс жүзінде қауіп пен қажыр қатар жүреді. Кейде көзге темірдің ұсақ ұшқындары тиіп, денсаулыққа салмақ салатын кездер де кездеседі. Сондай сәттерде бір-екі күн ауырып қалатын кездер де болмай тұрмайды. Бірақ осы қиындықтардың өзінде еңбектің қызығы мен мәні қатар жүр.

Өңгіме үстінде алға бастап, жасыл станокты нұсқады. Шеберхананың төрінде тұрған бұл аппаратты кезінде Байқоңыр қаласынан әкеліпті. Қолданылған күйінде 700 мың теңгеге алынған темір дүние кейін толық жөндеуден өтіп, бүгінде мінсіз жұмыс істеп тұр. Нарықтағы қазіргі бағасы 8 миллион теңгеге құрайтынын да атап өтті. Қолда бар мүмкіндікті ұқсатып, барынша нәтиже шығарып жүрген кәсіпкер әлеуметтік желіні де оңтайлы пайдаланып жүр. Заман ағымына сай, тікелей эфирлер арқылы өзге өңірлердегі дәнекерлеу мамандарымен тәжірибе алмасып, өзі бөліседі. Бір экранның әр жағында – түрлі қала, бірақ барлығын біріктіретін ортақ тіл – темір мен еңбек.

Бұл істің тамырына терең бойлаған адам ғана саланың бүгінгі ахуалын жасырмай айта алады. Айдарбек Бекайдарұлы – сондай жан. Көкректе қанша ой қайнаса да, өндірістің қазіргі шынайыға нақты есепке келіп тірелетінін ол жасырмай айтты. Бүгінде қолда бар өндіріс қуаты бір айда бір ғана ауқымды жұмысты атқаруға жетеді.

– Егер салаға демеушілік болса, ауданнан зауыт ашып, ел сұранысын толық қамтуға болады. Қалай дамыту керекін де, неден бастау қажеттігін де көрсетемін. Жуырда токарь станогын да әкелдік. Бірақ қазір бар болғаны екі маман ғана жұмыс істеп жатыр, үлгермей қаламыз, – дейді дәнекерлеуші.

Оның айтуынша, темірдің жанын түсінгенде ғана сала жанданады, шырайы кіреді. Себебі мұнда құр сөз емес, құр ұран емес, қолмен істелген нақты еңбек қана сөйлейді. Шеберхана тынысын ұстап тұрған тағы бір сенімді қол – Дәулет Сағынбай. Бұл ортаға сіңісіп кеткеніне

Гүлжан ЕСЖАН

Жаңа жыл – уақыттың ауысуы ғана емес, жүрекке жылу, көңілге сауле сыйлайтын қадірлі мезет, жарқын болашаққа бастар жол. Күнтізбенің соңғы парағы жабылған сәтте, адам баласы өткенге көз жүгіртіп, келер күннен жақсылық күтеді.



Шырша шамы жағылды

Биыл ел экономикасы үшін қарқынды қадамға толы жыл болды. Еңбекпен еңсерілген әр күн ертеңге деген сенімді бермей түсті. 2026 жыл атқарылар іс көп, апар асудың биік кезеңі болмақ. Алдағы жоспарлар мен бастамалар ел тұрмысына оң әсер етіп, әр салада тұрақты өсімге жол ашады деген үміт зор.

Жыл ауысқанда үміт те жаңаралы. Өмірдің өзі алға жылжуды талап етеді. Ал жаңа жыл сол қозғалысқа серпін беретін күш секілді. Өткен жылдан жылы да тарих қойнауынан сырғып барады. Бұл жыл аудан үшін жақсылығымен, игі бастамаларымен есте қалды.

Қысқы көштің қақ ортасында жарқыраған шамдармен безендірілген шырша көптің көңілін бір арнаға тоғыстырды. Жаңа жылдық шыршаны салтанатты жағу мәртебесі аудан әкімі Ардақ Ибраимовқа, Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің 7-сынып оқушысы, ҚР жасөспірімдер арасындағы дзюдо чемпионы, түрлі халықаралық, республикалық, облыстық жарыстардың чемпионы, спорт шеберіне үміткер Садых Нұрдаулет пен Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің 4-сынып оқушысы, «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен аудандық, облыстық, республикалық пәндік олимпиаданың жүлдегері Аяна Нұртай Ерболқызына берілді.

Кеш мерекелік думанға ұласып, алаңға жиналған көпшілік қуанышқа бөленді. Бүлдіршіндер жүзіндегі балалық шаттық мерекенің шын мәніндегі көркін ашты. Жаңа жыл жаңарған оймен, жаңарған істермен есте қалсын!

Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

Сараптама

Су тапшылығы: мәселені шешудің амалы бар ма?



Соңғы бесжылдық шаруаларға оңай соққан жоқ, бастапқыда су тапшылығына қатысты мәселе көтерілгенімен шаруаның ширауына айтарлықтай қолбайлау болмаған. Ал қазір ше, бүгінде аяқсу қат, мұның өнім сапасына да айтарлықтай кері әсерін тигізетінін ескерсек, алдағы маусымдық жұмыстың барысын осы бастан пысықтап алған дұрыс. Былтыр да шаруалар аяқсудан тапшылық көрді. Келер жылы да бұл мәселенем бетпе-бет келмеу үшін қайтпек керек? Білік «суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беру, яғни егінді өртарлапандыру – тығырықтан шығудың тиімді тұсы» десе, шаруалар пікірі «кіріс көзі кемиді» дегенге саяды. Өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай мәселені шешудің амалы бар ма? Бүгінгі сараптамалық мақалада осы сауалға терең бойладық...

«Шардараға» судың түсуі
43 пайызға төмендеген

Оңтүстік өңірлерге, яғни Түркістан, Жамбыл және өзіміздің Қызылорда облыстарына судың келу деңгейі азайған. «Шардара» су қоймасына да судың түсуі 43 пайызға төмендеген. «Нарын-Сырдария» каскадындағы ірі су қоймаларындағы су көлемі де өткен жылға қарағанда 3,8 млрд текше метрге азайған. Келер жылғы вегетациялық кезеңде 1-1,5 млрд текше метр су келеді деген болжам бар. Бұл 1 млрд текше метрге дейін су тапшылығы болады деген сөз.

Жамбыл өңіріндегі жағдай да мез емес, бұл аймақтағы су қоймаларының толымдылығы небәрі 41 пайызды құрап отыр. «Киров» және «Теріс-Ащыбулақ» су қоймаларының болжамдық деңгейге де көтерілмеу қаупі бар.

Жалғасы 4-бетте

2 ҚОҒАМ

Қалыптасқан серпін – нәтижелі еңбектің жемісі

Президент 2023 жылы өңірге жұмыс сапарында Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту туралы тапсырма берген болатын. Осылайша қызылордалықтардың арманына айналған көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су қосу мәселесі оң шешімін тапты. Осы мақсатқа 26 млрд 200 млн теңге бөлініп, 423 тұрғын үйге жоба әзірленді. Жобалар 2 кезеңмен іске асырылуда. Бірінші кезеңде 2024 жылы 186 үйді ыстық сумен қамтамасыз ету үшін Үкімет резервінен 11 млрд теңге қаржы бөлініп, тұрғын үйлер ыстық суға қосылды. Екінші кезең бойынша 15,2 млрд теңгеге 237 көпқабатты тұрғын үй ыстық сумен қамтылуда. Осы бағытта биыл Үкімет резервінен бөлінген 5 млрд теңгеге 61 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су жеткізілді. Сондай-ақ арнаулы мемлекеттік қордан 10,2 млрд теңге қаржы бөлінді. Қазіргі кезде тұрғын үйлерді ыстық су жүйесіне қосу жұмыстары жүргізілуде. Жалпы 2022-2024 жылдары «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 31 млрд 600 млн теңгеге 78 ауылдың әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 343 жоба жүзеге асты.

Соңғы үш жылда аймақта жол құрылысы қарқын алды. Мұның бәрі өңірдегі жол сапасының жақсаруына оң әсерін тигізуде. 2022-2025 жылдары 1 600 шақырым автомобиль жолы мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Биыл жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті.

– Қызылорда қаласындағы 270 көше қайта жаңғыртылды. Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 50 млрд 605 млн теңге бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Жақында ғана «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының облыс аумағындағы 216 шақырымы қайта жаңғыртудан өтіп, ел игілігіне берілді. Мамыр айында Арал қаласында 3 млрд 140 млн теңгеге салынған 940 метрлік аспалы көпір ашылды. Жаңақорған кентіндегі теміржол үстінен өтетін көпірді де тұрғындар ұзақ жыл күтті, бұл нысан құрылысында 1 млрд 400 млн теңге жұмсалып, шілде айында пайдалануға берілді. Мемлекет



басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы автомобиль жолын 4 жолақтыға ауыстыру жобасы демеушілер есебінен 350 млн теңгеге әзірленді. Бүгінде қала маңынан айналма жол салу жұмыстары басталады. Екінші бөлігі, яғни Ақтөбе шекарасына дейінгі 462 шақырымның техника-экономикалық негіздемесі дайындалды. Жоба құны – 832 млрд 812 млн теңге, құрылыс аяқталғанда жарты мың шақырымға жуық жол 1 санатқа ауысады. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында көлік логистикасын одан әрі дамыту бағыты белгіленіп, «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолының құрылысын жеделдету тапсырылған. Автожолдың ұзындығы – 559 шақырым, оның 189 шақырымы Арал ауданының Құланды, Ақбасты, Ақселе, Қосамаң, Бердікөл, Сексеуіл ауылдары арқылы өтеді. Бұл өңірдің ең шеткі елді мекендеріндегі жол қатынасын жақсартды, – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Мемлекет басшысының қолдауымен Қорқыт Ата әуежайының жаңа терминалы ел игілігіне пайдалануға берілді. Жобаны

іске асыруға 16 млрд 700 млн теңге жеке инвестиция тартылды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартуға 4 млрд 300 млн теңгеден астам қаражат бөлінді. Бүгінде әуежай мемлекеттік субсидиясыз жұмыс жасайды. Жаңа терминалдың жылына 2 млн жолаушыға дейін қабылдау мүмкіндігі бар. Аптасына 30 рейс (Астана қаласына 18, Алматы қаласына 12), күнделікті 1200-ден астам жолаушыға сапалы, халықаралық стандарттарға сай қызмет көрсетеді.

Қызылорда қаласында 975 млн теңгеге салынған заманауи автовокзал да жолаушылар игілігіне айналды. Облыс орталығы тұрғындарының қоғамдық көлікке қатысты мәселесін шешу үшін 300 жаңа автобус әкелінді, оған қоса 1 млрд теңгеге салып алынған 100 экотакси қалаішілік көлік қатынасының жүйеге келуіне оң ықпал етті.

«Қазақстан Темір Жолы» компаниясы мен жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен облыс орталығындағы теміржол вокзалы 600 млн теңгеден астам қаржыға күрделі жөндеуден өтті. Қазіргі таңда Арал, Сексеуіл, Жалағаш, Тереңөзек вокзал-

дары қайта салынып, Қазалы, Төретам, Шиелі, Жаңақорған теміржол вокзалдары күрделі жөндеуден өтуде.

Жақында инвесторлар Арал Жаңақорған аудандарында жол бойындағы заманауи қызмет көрсету кешендерін ашты. Қызылорда қаласындағы теміржол асты автожол құрылысы қарқынды жүруде. Ал Қармақшы ауданы орталығындағы теміржол арқылы өтетін көпір құрылысы алдағы уақытта басталады.

Сөз басында айтқанымыздай, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жоғары. Білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құрылыс, барлығында серпін бар. Биыл да аймақта қыруар шаруа атқарылды. Келер жылы да жүзеге асатын жобалар жетерлік. Мұның бәрі – үлкен еңбектің жемісі, оған ешкім дау айта алмайды.

Брифинг соңында аймақ басшысы БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

БАСЫ 1-BETTE

Оқырман олжасы

Тың туынды оқырманға жол тартты

«Руханият» орталығында жақында ғана жарық көрген «Айтбай» мешіті: аңыз бен ақиқат» кітабының таныстырылымы өтті. Тарихи деректі еңбек авторлары Нұрсұлтан Мықтыбай мен Асхат Асқарұлы арнайы келген, жергілікті өлкетанушылар, ардагерлер, архив, кітапхана, музей қызметкерлері бас қосқан шараны аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет жүргізді.

– Баршаңызға белгілі, биыл Қазақстан Мұсылмандарының қара шаңырағы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының құрылғанына 35 жыл толып отыр. Осы мерейлі датаны лайықты атап өту мақсатында жыл басында Басқарма Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының арнайы ұсынысымен өңір-өңірде өзіндік орны бар имандылық ошақтарының тарихи мен ислам дінінің кеңінен таралуына еңбек сіңірген тұлғалардың өмірін жан-жақты зерттеу қолға алынған болатын. Осыған орай «Алаштың анасы» атанған Сыр өңіріндегі ең көне құлшылық үйі, іргетасы қалана бастағанына биыл 150 жыл толып отырған «Айтбай» мешітінің тарихы кеңінен зерттеліп, ол деректі фильм мен үлкен зерттеу кітабына арқау болды. Өңір тарихы үшін тың жаңалық болған, рухани ортада аса жоғары бағаланған «Айтбай» мешіті: аңыз бен ақиқат» кітабы мен деректі фильмнің тұсаукесері 19 қарашада облыс орталығындағы А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының және аймақ басшысының тапсырмасымен Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың арнайы қатысуымен кесілді. Айтулы шараға Алматы қаласынан арнайы келген «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мәдениетті, тарихты және этнографияны қолдау» қоғамдық қорының, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапхана-сының, Өзбекәлі Жәнібеков мавзолейінің, «Қазақайтаңхарту» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының және облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев бастаған зиялы қауым өкілдері қатысты. Осы шарада аймақ басшысының ұсынысымен «Айтбай» мешіті: аңыз бен ақиқат» атты тарихи деректі еңбегінің аудандарда таныстырылымын өткізу жоспарланған болатын. Осыған орай бүгін облысымыздың ғана емес, еліміздің діни-тарихи, мәдени-рухани өмірі үшін тың жаңалық болған аталған кітаптың біздің аудандағы таныстырылымында бас қосып отырмыз, – деді қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Ерданұлы.

Шарада Қызылорда қалалық «Айтбай» мешітінің имамы Асхат Асқарұлы



кітаптың жазылу тарихына тоқталса, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның баспаөз, радио және интернет-журналистика саласындағы «Үркер» Ұлттық сыйлығының иегері, Ақпарат саласының үздігі Нұрсұлтан Мықтыбай еңбекте бұрын-соңды жарияланбаған тың деректердің қалай табылғаны жайлы кеңінен әңгімелеп берді.

Ерекше атап өтерлігі, авторлар мешітке байланысты орын алып келген олқылықтың орнын толтыру мақсатында тек еліміздегі ғана емес, сондай-ақ Ресей Федерациясының Мәскеу, Санкт-Петербург, Орынбор қалаларындағы мұрағаттарда, көршілес Ташкент шаһарындағы Өзбекстан Республикасының Ұлттық архивінде жүйелі түрде жұмыс жасап, айрықша еңбек еткен.

– «Айтбай» мешітінің тарихын Қызылорда қаласының, тіпті облыс, қалаберді еліміздің тарихынан бөле-жара алып қарауға болмайды. Құлшылық үйінің тарихы шаһардың, Сыр өңірінің, мемлекетіміздің шежіресімен ұштасып жатыр. Оған кітапты оқыған адамның көзі толық жетеді. Мысалы, Қыыр Шығыстан Сыр өңіріне корейлерді депортациялаған 1937 жылды алайық. Оларды қайда орналастырды? «Айтбай» мешітін тұрғын үй етіп берді. Сол секілді 1939 жылы құрылған Қызылорда облыстық корей музыкалық драма театрына «Айтбай» мешітінің ғимараты берілді. Ұлы Отан соғысы кезінде өңірімізге күшпен көшірілгендер үшін ашылған 10 эвакуациялық пункттің біреуі осы «Айтбай» мешіті болды. Мұндай мысалдарды имандылық үйі салынған сонау Перовск кезеңінен бастап, мешіт ретінде қайта қайтарылған 1989 жылға дейінгі аралықта жүздеп келтіруге болады. Бұл – бір. Екіншіден, тарихи мешіттің барлық ауданға қатысы бар екенін көріп, таңғалдық. Мысалы, осы имандылық үйін салған соңысы үшін қудаланған Айтбай Балтабаевтың өндіріс ошағы осы Жалағаш ауданының аумағында болғанын мұрағаттағы құжаттар арқылы дәлелденіп отыр. Сондай-ақ мешіттің тәуелсіздік жылда-

рындағы алғашқы имамы осы жердің тумасы, белгілі дін өкілі, Ұлы Отан соғысының ардагері Ыдырыс Ақмырзаев болған. Оны 3 кандидаттың арасынан Өзбекәлі Жәнібековтің өзі таңдап, тағайындап кеткен, – деді кітап авторы Нұрсұлтан Ертуғанұлы.

Жиында белгілі өлкетанушы Тұрақ Адисұлы сөз алып, аталған кітап Сыр өңірінің тарихына қосылған бағалы еңбек екендігіне, ондағы келтірілген мәліметтердің аса құндылығына тоқталды.

– Әсіресе «Айтбай» мешітінің салыну тарихына қатысты бұған дейін бұрмаланып келген кейбір мәліметтердің нақты деректермен түзетілуі еңбектің басты жетістігі дер едік. Сонымен қатар құлшылық үйі туралы көп жылдар бойы айтылып келген әркілші жорамал мен алыпқашпа әңгімені саралап, нақты дерекпен сөйлеткен авторлардың еңбегін айтпай кетуге болмас. Олар көпшілікті мазалап жүрген сан сауалға жауап беріп, даулы тұстардың түйінін тарқата алған. Жылдар қойнауына жұтылған деректерді түгендеп, тарихи шындықты қалпына келтіру – бір ғана дәуірдің емес, тұтас ғасырлардың үнін тірілту болғаны сөзсіз, – деген өлкетанушы аудандағы ең ескі «Иман-

құл» мешітінің тарихы да тереңнен зерттелсе деген ұсынысын білдірді.

Осы «Иманқұл» мешітінің жамағаты Мұхтар Наурызбаев «Айтбай» мешітіне қатысты жәдігердің өзінің үйінде сақтаулы тұрғанын айтты. Мешітке 2001 жылы жүргізілген қайта жаңарту жұмыстары кезінде бұзылған молдалар үйінің есігін қоқысқа тасталған жерінен алып, әлі күнге дейін сақтап келе жатқан азаматқа кітап авторлары оны мұражайға өткізілсе деген ұсыныстарын айтты. Себебі ескі сәулет өнерінің үздік үлгісімен жасалған.

Жиын соңында Ыдырыс Ақмырзаев туралы деректерді табуға көмектескен Жалағаш аудандық мемлекеттік архивінің 2 санатты архивісі Күлеш Едігеева Қызылорда облысының бас имамы Дастан қажы Жанасұлының алғысымен марапатталды. Кітап авторлары Н.Мықтыбай мен А.Асқарұлы тарихи деректі еңбекті аудандық орталық кітапхана мен ардагерлер кеңесіне сыйға тартып, шараны ұйымдастырған аудан әкімдігі мен ауданның бас имамы Нұрдәулет Жалғасбекұлына ризашылықтарын жеткізді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Мерей

Қоғамдық қызмет пен жастар саясаты – үлкен жауапкершілікті, үздіксіз ізденісті талап ететін сала. Күнделікті көзге көріне бермейтін тірліктің астында, табандылық пен азаматтық ұстаным тұрады. Осы бағытта тынымсыз еңбек етіп, ел сенімін ақтаған Жалағаш ауданының азаматы республикалық деңгейдегі мәртебелі марапатқа ие болды.

Әбзәли – жыл үздігі



Астана қаласында «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған «Жыл үздігі – 2025» республикалық байқауы – түрлі салада еңбек етіп жүрген білікті мамандардың еңбегін бағалауға арналған ауқымды жоба. Әлеуметтік желі арқылы байқау туралы мәліметпен танысқан жерлесіміз 2024-2025 жылдары аралығындағы жастар саясаты саласында атқарған нақты жұмыстары мен жеткен жетістіктерін ұсынып, бақ сынаған.

Кей жеңіс мінберден айғайлап келмейді. Ол күнделікті жауапкершіліктің жүгін көтерген сабырлы еңбектің арасынан туады. Жастармен жұмыс та сондай, көзге көрінбейтін, бірақ ел ертеңін қалыптастыратын маңызды майдан. Осы майданда жүйелі еңбек етіп жүрген аудан азаматы республикалық деңгейде лайықты бағасын алды. Байқау екі кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде қатысушылар өздерінің кәсіби жолы, атқарған жобалары мен нәтижелері жайлы материалдарын жолдаса, екінші кезеңде жеңімпаздарды салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті. Бірнеше аптадан кейін келген хабар көптің ішінен суырылып шығудың оңай болмағанын аңғартты. Нәтижесінде Әбзәли Бөзханұлы «Жыл үздігі – 2025» республикалық байқауының І дәрежелі дипломымен марапатталды.

Айта кету керек, байқауға еліміздің барлық өңірінен өртүрлі сала бойынша қатысқан Қатысушылар саны көп, салалар ауқымы кең болғанмен, жастар саясаты бағыты бойынша үздік атану – үлкен жетістік. Ел болашағын бүгіннен қалыптастыратын жауапты бағытта еңбек етіп жүрген оның жетістігі бүгінде тек жеке марапат ғана емес, аудан жастарына бағытталған сенім мен серпін, берілген айқын мотивацияға айналып отыр.

2006-2017 жылдары № 202 ота мектептен білім алған кейіпкеріміз 2017-2021 жылдары С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін агроном мамандығы бойынша тәмамдады. Жоғары оқу орнында алған білім кейінгі еңбек жолында тәжірибемен ұштасып, кәсіби қалыптасуына негіз болды. Алғашқы еңбек баспалдағы Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде жастар тәжірибесі бағдарламасымен бастады. Кейін ол мекемеде қоғамдық негізде қызмет атқарып, саладағы жұмыс тетіктерін терең меңгерді. 2024-2025 жылдары ауданның қоғамдық даму бөлімінде әдіскер болып, әлеуметтік бағыттағы жобаларға белсене араласты. Ал 2025 жылдың сәуір айынан бастап Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығының директоры қызметіне тағайындалып, жастармен жүйелі жұмысты жаңа деңгейге көтеріп келеді. Сахаттауды, шығармашылықпен айналысуды ұнататын ол заманауи технологияларды да жетік меңгерген.

Жастар – уақыттың тамырын ұстап тұрған тірі күш. Ал сол күшті дұрыс арнаға бұру жауапкершілікпен жүзеге асады. Осы міндетті терең сезінген кейіпкеріміз алдағы уақытта жастармен жұмыс аясында мазмұны терең, маңызы зор бастамаларды алға қоюды көздеп отыр.

– Ең алдымен жастардың жұмыспен қамтылуын арттыруға басымдық беріледі. Бұл бағытта жұмысшы мамандықтарды насихаттау, кәсіптік бағдар беру кездесулері мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру көзделіп отыр. Мақсат – жас буынды еңбекке бейімдеп, нарықта сұранысқа ие мамандықтарға бағыттау. Сонымен қатар жастардың кәсіпкерлік әлеуетін дамытуға ерекше мән береміз. Бизнес-идеяларды қолдау, гранттық бағдарламалар бойынша кеңес беру, стартап жобаларды сүйемелдеу жұмыстары жүйелі түрде жалғасады. Бұдан бөлек патриоттық тәрбие, еркітлік қозғалысын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған спорттық және мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр, – дейді жыл үздігі.

Қазақстан көлемінде ұйымдастырылатын байқау – адал еңбекті ардақтап, кәсіби табысты көпшілікке үлгі етуді мақсат еткен тағылымды жоба. Бұл байқау бір салаға ғана емес, ел дамуына әр қырынан үлес қосып жүрген азаматтарды қамтитын кең ауқымды алаң ретінде танылып келеді. Білім, ғылым, медицина, мәдениет, әлеуметтік сала, мемлекеттік қызмет секілді түрлі бағыттағы мамандар қоғамға тигізген пайдасымен сарапқа түседі. «Жыл үздігі» республикалық байқауы қоғамға бір ой салады, яғни еңбектің өленбейтіні жоқ. Аймақта атқарылған қарапайым іс те, үніз қызмет те – ел дамуының бір бөлшегі. Осындай республикалық жобалар арқылы өңірлердегі еңбек мәдениеті қалыптасып, бәсекеге қабілетті, жауапты мамандар шығары арта түсуде.

Бұл сайыс кейіпкердің кәсіби болмысын айқындап қана қойған жоқ, оның көзқарасын да ашып берді. Ұсынылған деректер мен нәтижелер оның қызметі жүйелі ойға, нақты жоспарға негізделгенін көрсетті. Сондықтан «Жыл үздігі – 2025» атағы бұл жағдайда марапаттан атқарылған еңбектің салмақты түйіні іспетті. Бұл – өткен кезеңдерге қойылған баға ғана емес, алдағы жолдың өлшемін айқындайтын белгі.

Гүлжан ЕСЖАН

Тағзым

Ұлт өнерінің корифейі

Қазақ өнерінің хас шебері, сахна мен экранның жарық жұлдызы, еліміздің мақтанышына айналған дара тұлғалармыздың бірі КСРО халық артисі, КСРО мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарының иегері Асанәлі Әшімовтің есімі тек қазақ еліне ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де мәшһүр. Ұлы суреткер А.Әшімов халықтың қайнаған ортасынан шығып, сол халықтың бүкіл болмысы мен жан дүниесін театр мен кино өнерінде қатар өрді.

Сонау 1961 жылы Алматы консерваториясының актерлік факультетіне түсіп, театр өнерінде қазақтың кәсіби режиссері Асқар Тоқпановтан, кино өнерінде дара дарын Шәкен Аймановтан дәріс алған жас актер өнердің сан тарау күрделі белестерін басып өтіп, қазақ өнерінің шамшырағына айналды. Театр сахнасы мен кино экранына алғаш қадам басқан сәттен-ақ қанатын кеңге жайып, соншалық зор күш-қуатпен, ешкімге ұқсамайтын тегеурінмен және нық сеніммен аршындай келді.

Оның сахнада шынығып, адамдық әрі шығармашылық қалыптасуына, көркемдік мақсатының орныға түсуіне өзінің үздіксіз ізденісімен қоса, ұлттық театрдың іргесін қаласқан өнер тарландарымен, олардың қайталанбас ізбасарларымен серіктес болуы да көп септігін тигізді. Таланттар шоғырымен бірге сахналық құмыр кешіп, шығармашылық қалыптасу мен дамып өсудің тұтас үрдісін бастан өткергені әмбеге аян. Театр саласында қазақ өнерінің мейталман шеберлері Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, С.Майқанова сынды, т.б. ата буын актерлардың ұстаздық үлгісін көрген А.Әшімов М.О.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында ойнап, саналуан бейнелердің галлерясын жасады. Қалың көпшілікті сезімталдықпен, сыршылдықпен, актерлік ажармен баурап, шеберліктің шыңын танытты. Елі мен жері үшін, заман ағысы мен тағдыр талқысында өмір кешкен, болмысы мен рухы, зердесі биік кейіпкерлерді зор ынтымен орындап, халықтың риясыз құрметіне бөленді.

Театр сахнасында М.Әуезовтің «Абайында» Керім, «Еңлік-Кебегінде» Кебек, «Қара қыпшақ Қобыландысында» Айшуақ, «Таңғы жаңғырығында» Жарасбай, Ф.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында» Қодар, Шекспирдің «Юлий Цезарінде» Юлий Цезарь, М.Фриштің «Дон Жуанның думанында» Дон Жуан, Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен терінде» Еламан, Г.Гауптманның «Вильбрттағы махаббат» драмасындағы доктор Клаузен, мұның барлығы – жақсы ойналып, сәтті шыққан рөлдер ғана емес, актер таланттының құдіретімен жасалған қайталанбас, оның шығармашылық келбетін анықтайтын бейнелер. Сонымен қоса актер өткір мінезді рөлдерге, пластикалық қимыл-қозғалысқа ден қоятын қызу қанды сахна суреткері екенін байқатты.

Шынында ол сомдаған бейнелер – көркем сырым, психологиялық қуатымен, терең философиясымен алынбас асқардай жоталанып жатқан дүниелер. Жоғарыда аталған рөлдер А.Әшімовтің трагедиялық қуаты мол зор масштабтағы сахна суреткері ретінде де, нәзік сезімді, терең психологиялық иірімдерге қиналмай бара алатын романтикалық ыңғайдағы кейіпкер қатарында да, жарқын ойын-күлкі бағытындағы комедиялық актер есебінде де бар қырын ашып берді.

Ол – аталған бейнелердің барлығында сахна заңдылықтарын қатаң сақтай отырып, кейіпкерді биік те бай ішкі мәдениетпен орындап, терең ойлар айта алатын дарын иесі екенін таныта алды. Бір ғана Қодар бейнесінің өзі қазақ актерлік өнеріндегі бір мектеп десек, артық айтқанымыз емес. Ертеден халық санасында қара күш



иесі болып жатталып қалған Қодардың тұр, сымбаты Қозыдан кем емес, ел мен жерін өліп-өшіп сүйетін, намысын қолдан бермейтін, сулуға ғашық сөзім иесі болып бейнеленді. Қызғаныштың қызыл шоғын үрлеген Жантықтың арбауына түсіп жазықсыз Қозыны мерт еткен Қодардың күйзелісін актер тамыршыдай дөп басып, дәл берді.

Бұл туралы Ә.Сығай «Зұлымдық пен қатыгездік ылғи қара ниеттіліктен емес, махаббатты қорғау жолында да туып жататынын сездіргендей. Қозы өлді, шерлі болып Баян сорлы қалды. Жұртқа қарауға жүзі шыдамаған Қодар Асанәлінің еңкейе еңбектеп, тізелей тәлтірктеп, бәлі кеткен мәстектей қайқандап сахнадан шығып бара жатқан сәтін көргенде актер тастаған философиялық ойдың күдіреттілігіне таңданбақша шараңыз қалмайды» деген.

Театр сыншысының бұл жазғанынан өз күнәсін мойнына алған Қодардың (А.Әшімов – ред.) адам қанын жүктегені үшін өзін кешіре алмай бара жатқан қасыретін аңғару қиын емес. Кейіпкердің ішкі жандүниесіндегі арпалысты, сыртқы физикалық әрекетпен ұштастырған актердың шеберлігі шынымен де Қодардың трагедиялық болмысын тереңдеткен еді.

Иә, актерлік палитрасы өзінің бояумен, өзгеше ажармен айшықталған А.Әшімовтің әрбір рөлі көркемтей жасалған нағыз еңбектің нәтижесі. Қазақ және шетел драматургиясының ірі туындыларындағы орталық кейіпкерлерді ойнау – актер өнерінің деңгейін анықтайтын шығармалық өлшем. Мұндай күрделі рөлдерді меңгеруге Асанәлі Әшімов табиғи талант, өмірлік тәжірибесінің үстіне көп ізденудің, оқып, білудің, мәдени шеңберін кеңейтудің нәтижесінде жетті. Актер құндыелік газет-журналдардан тыс әдебиеттің озық үлгілерін, әлемдік театр өнері жайындағы жаңалықтарды қалт жібермей оқып, зердесіне тоқып, қиял көкжиегін кеңейтуді алғашқы кезекке қойды. Сондықтан ол рөл дайындау үстінде режиссердің бергенімен шектелмей, қайта тұтас спектакльдің шешімдеріне ой жүгіртіп, пікір таластырып отырумен пьесаның сахнада дұрыс бейнеленуіне ықпал ете білді.

Актердың қай рөлін алып талдасаңыз да, оның әрбір кейіпкермен біте қайнасып, шалқар шабытпен мүсіндегені байқалады. Аялалық, Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» шығармасындағы Еламан бейнесін жасау үшін қаншама ізденгені кезінде көп жазылды. Ә.Сығай «Асанәлінің кейіптеуіндегі Еламан – парасатты жан. Ол – мінезге бай. Секунд сайын өзгерер, іштей мың құбылар сергек мінезді қаһарман. Соның ішінде Еламанды оқшау көрсетер бір қасиет ол оның жан біткенге жылылығы, момын да мөшеу елге мейірімділігі. Міне, актер А.Әшімовтің де образ тағдырын шешер тұстағы ең қапсыра ұстаған, табан тіреген тұсы осы еді» деп спектакль оқиғасының өрбуіне сай Еламан жан-дүниесіндегі өзгерістерді актердың нанымды шығарғанын жазған, яғни Еламан актер ойынында түрмеге дейін қарапайым балықшы, сезімтал шаруа болса, балықшыларды қорлаған Федо-

ровты өлтіргеннен кейін оның ел қамы үшін күрт шешімдерге бара алатыны, жеке басына қауіп бұлтты төнсе де намысын таптатпайтын өр мінезді етіп кескіндеді. Бір сөзбен айтқанда, актер кейіпкердің бұйығы, көнбіс қалпынан ел тағдырына жаны ауыратын күрескерге айналу үрдісін айқын ашты.

М.О.Әуезов атындағы академиялық драма театры сахнасына режиссер Ә.Рахимов режиссурасымен қойылып, театр репертуарында ұзақ жүрген Игорь Вовнянконың «Апат» пьесасындағы (ауд. С.Жұнісов) Асан рөлі – актердың шығармашылық өмірбаянындағы кесек бейнелердің бірі.

Спектакльдың басты кейіпкері Асан қария – қатер капитаны болған матрос. Арал теңізі тартылып, ел-жұрт көшіп кетсе де, құмға бөккен қатерін үй етіп, сол жағалауда жалғыз өзі қалған Асанның жамандыққа қарсы күресуі актер ойынында жан-жақты ашылды. Теңізді құрдымға кетіріп, түбіне жеткен адамдарға деген Асанның (А.Әшімов) қарсылығы бүкіл адамды ойлануға шақырады.

Оның кейіпкері – адамзаттың табиғатқа қиянат жасауы болашақ ұрпақтың тамырына балта шабумен бірдей екенін тайталмастан айтып, зорлықшыларға ашық қарсылық танытады. Бұл спектакль туралы театр сыншысы А.Қадыров «Дала Сократы» деп аталатын мақаласында «Асан-Әшімовтің сахнаға шығатын мизансценалары өте бейнелі. Жағалауы тартылып қалған Арал алыс көкжиекпен астасып кеткен. Көкжиекте, көз ұшында ығына асқан қауашағы бар Асан қарайып көрінеді де, алға жылжыған жақындаған сайын көзге зор көріне бастайды. Авансценадан кең иықты, тула бойынан өлдебір қуат сезілетін, жүзі ашық кейіпкерді көреміз. Мәнінше, Ә.Рахимов, авансценандағы мизансценаны көрермен Асанның зор денесін көрсін деп қана емес, жан дүниесіндегі сезімдерді, қиналыс-күйінішін, жан дауысын сезсін деп әдейі құрған сияқты. Көрермен осы сәттерде кейіпкердің жан-дүниесіндегі астан-кестенді ерекше сезініп отырады» деп келіп, актердың өз кейіпкерінің жан шырығы мен рухын өте нәзік те шебер бере білгенін кеңінен талдаған. Шынымен де, жақсылық пен ізгілікке деген сенімін жоғалтапаған түйсігі мықты, көкірек көзі ояу Асанның өз сенімі үшін ештеңеден тайсалмайтын адами болмысы актер ойынында терең ашылды.

Алпыс жылдан астам уақыт бойы қазақ театры мен киносының көркі болып, алмастай жарқырап, оттай лаулаған актердың қазақ киносында жасаған бейнелері өзіндік даралықпен бедерленді. Актердың кинодағы алғашқы рөлі 1958 жылы С.Мұқановтың «Ботагөз» романының желісімен түсірілген фильмнен басталды. Содан бері қазақ киносының әлемдік деңгейден көрінуіне өз үлесін қосып келеді.

Оның – «Қыз Жібектегі» Бекежан, «Атаманның ақырындағы» Шадияров, «Транссібір жүрдек пойызындағы» Қасымханов рөлдері актерлік шеберліктің үлгісі болып қана қойған жоқ, шын мәніндегі ішкі болмыс-бітімінің жан-жақты көп қырлылығымен және онда бейнеленген адамгершілік, психологиялық си-

паттардың тереңдігімен ерекшеленді. Зерделі актер өзі сомдаған бейнелер арқылы қалың көпшіліктің адамдар туралы түсінік пен түйсігін, эстетикалық көзқарасын кеңейтіп, кейіпкерлердің бойына өз қарым-қатынасын, ой-пікірін сіңіріп, жеке ойын да білдіріп отырды.

Көрнекті актер, қайраткердің ұлттық өнерге сіңірген үлкен еңбегі лайықты бағасын алды. «Атаманның ақыры» фильміндегі Шадиаров бейнесі үшін Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1973), «Қан мен тер» спектаклінде (Ә.Нұрпейісов, реж. Ә. Мәмбетов) Еламан бейнесі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974) атанды.

Талант қашан да «сөгіз қырлы, бір сырлы» келетіні әлімсақтан аян. А.Әшімов дарынының да ауқым аясы мол жаратылысы бөлек. Оның қазақ театры мен кино өнеріндегі режиссерлік қолтаңбасы – айтарлықтай еңбек, айшықты бір белес. Өнер өрінің биік шыңдарына шығып, әрқилы бағыт-бағдарлар мен стильдерді ұстанған, өртүрлі көркемдік мектептердің өкілдері болып саналатын театр және кинорежиссерлерімен жұмыс істеп барып, әркімге жалын сипата бермейтін күрделі де қиын мамандық режиссураға мол тәжірибе жинақтап кірісті. Саңлақ актердың режиссурасымен М.О.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында Н.Гогольдің «Ревизор» (1979), Ф.Мүсіреповтың «Амангелді» (1987), И.Оразбаевтың «Мен ішпеген у бар ма?» (1987), С.Ванустың «Сұлтан болсам егер мен» (1988), Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» (1989) спектакльдері қойылды.

Қоғамдық, мемлекеттік, мәдени өмірде қыруар с тіндырып, республиканың сан салалы өнерінің өсіп өркендеуіне қомақты үлес қосқан Асанәлі Әшімов Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында ұзақ жылдардан бері ұстаздық қызметті де қатар алып жүрді. Тәжірибелі педагогтың ең басты ерекшелігі студенттерге ой-түйсікпен әсер ету арқылы сахнада табиғи өмір сүрудің мүмкіндігіне қол жеткізе алатындығы еді. Шәкірттерге дәл анық мақсаттар қойып, бейнелі түрде ойлауға бағдар беретін. Кейіпкер мінез-құлқы мен физикалық сезінуін сенімді шығаруға жетелейді. Сөйтіп болашақ бейненің «дәнін» табуға дұрыс жол сілтеп, олардың сахнада еркін әрекет жасауының заңдылықтарын ұқтырады.

Әріне, мұның бәрі қыруар уақыт пен еңбекті талап ететіні белгілі. Соған қарамастан «иненем құдық қазғандай» ұстаздық жолда А.Әшімов жас буын өрендерді тәрбиелеуден жалыққан емес. Кейін өз шеберханасынан түлеп ұшқан шәкірттерден құралған «Жаңа ғасыр» деп аталатын жас театр актердың жетекшілігімен жемісті жұмыс істеді.

Иә, қазақ өнерінің корифейі А.Әшімовтің рухани қазынасын ұрпақтарға дәріптеп, актер әлемін тануға деген зерттеулер алдағы уақытта жалғаса беретіні сөзсіз.

Бақыт НҮРПЕЙІС, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының профессоры, өнертану докторы

Құқық

Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидаты негізінде ауданда облыс прокуратурасының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Қылмыссыз өңір – кемел келешек кепілі» жобасы аясында кеңейтілген жиын өтті. Аудан прокуроры Талғат Елеубайұлының төрағалығымен өткен келелі кеңеске аудан әкімінің орынбасары, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, қоғамдық кеңес төрағасы, бірқатар бөлім басшылары, ауыл әкімдері мен «Иманқұл» мешітінің бас имамы қатысты.

Заң мен тәртіп – тыныштық кепілі



Биыл жыл қорытындысымен Таң және Еңбек ауылдары «Алкогольсіз ауыл» атанып, өзгелерге үлгі болды. Қазіргі таңда өзге де елді мекендерде сауалнама жұмыстары жалғасуда.

Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі белсенді қызметі үшін ауыл әкімдері мен учаскелік полиция инспекторлары аудан прокурорының арнайы алғыс хатымен марапатталды. Жиын соңында аудан прокуроры Талғат Елеубайұлы барлық ауылдық округ әкімдеріне ауыл ақсақалдары, полиция қызметкерлері, дін саласының қызметкерлерімен бірлесіп, келер жылдың 1 тоқсаны аяқталғанша жергілікті кәсіпкерлермен профилактикалық кездесу жүргізіп, сауалнама қорытындысымен «Алкогольсіз ауыл» жобасын жалғастыруды тапсырды.

Президент бұған дейін «Заң және тәртіп» қағидатын ұстану қоғамның идеологиялық және саясат нұсқаулығына айналуы керек екенін ерекше атап өтті. Қазіргі таңда ауданда оны жүзеге асыру мақсатында нәтижелі жобалар жүзеге асуда. Бүгінгі басқосуда да «Заң мен тәртіп» қағидаты тыныштықтың кепілі екені айтылды. Ал оны жүзеге асыру – ортақ міндет.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы ең алдымен отбасының беріктігіне байланысты. Отбасы – адамгершілік, сыйластық пен жауапкершілік қалыптасатын қасиетті орта. Өкінішке орай бүгінгі таңда тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі қоғам үшін өзекті болып отыр. Бұл – тек бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның дерті.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ



Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы мүшелеріне қатысты физикалық, психологиялық, экономикалық қысым көрсету. Мұндай әрекеттер адамның қадір-қасиетін таптап, денсаулығына, психологиялық жағдайына ауыр зардап келтіреді. Әсіресе әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ең осал құрбандары болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол берілмейді. Мемлекет бұл бағытта бірқатар құқықтық тетікті қарастырған. Атап айтқанда, қорғау нұсқамасы, уақытша шектеу шаралары, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген. Соттар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда маңызды рөл атқара отырып, әрбір іс бойынша заң талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз етеді.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда тек жазалау шаралары жеткіліксіз. Ең бастысы, оның алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру, отбасындағы өзара сыйластық пен түсіністікті қалыптастыру. Даулы жағдайларды күш қолданбай, келіссөздер мен медиация арқылы шешу – өркениетті қоғамның белгісі.

Сонымен қатар қоғамда зорлық-зомбылыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру аса маңызды. Әрбір азамат мұндай әрекеттерге бейжай қарамай, заңды жолмен тиісті органдарға хабарлауы тиіс. Бұл – зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудың және болашақта мұндай жағдайлардың алдын алудың тиімді жолы.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес – баршамыздың ортақ міндетіміз. Заң үстемдігін қамтамасыз ету, отбасы құндылықтарын нығайту және адам құқықтарын құрметтеу арқылы ғана біз әділетті әрі қауіпсіз қоғам құра аламыз.

Г.БАЙКЕНЖЕЕВА, аудандық сот әкімшісінің бас маманы

2026 жылы I тоқсанда Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі				
№	Тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы	Ауылдық округ әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағат 15:00-17:00 аралығы	Апта сайын

4 ДИДАР

Су тапшылығы: мәселені шешудің амалы бар ма?

Иә, қай өңірді алып қарасақ та, аяқ-су тапшылығына қатысты мәселе жоқ емес. Оның үстіне шаруалардың рота-ция тәртібін сақтамауы, ылғалды көп қажет ететін дақылдарға басымдық беруі мәселені одан әрі күрделендіріп отыр. Бірақ суды үнемдеуге келсек, оң динамика бар, мұны Үкімет те жоққа шығармайды. Қазірдің өзінде Қазақ-станда суды үнемдеу технологиясы қолданылатын егіс алқабы 543,5 мың гектардан асты. Жыл сайынғы өсім ша-мамен 150 мың гектарға жетіп отыр.

Су үнемдеу технологиясы – мәселені шешудің тиімді тұсы

Жалпы соңғы жылдары күрделенген су тапшылығына қатысты түйткіл – тек Қазақстанға ғана емес, әлемге ортақ мәселе. Траншекаралық өзендерге тәуелді Қазақстанда да бұл мәселе ушыққандықтан Мемлекет басшысы салаға су үнемдейтін озық технология-ларды жедел енгізу қажеттігін қаперге салды. Қазір оның пайдасын отандық шаруалар сезіне бастағандай. Әсіресе су үнемдеу технологияларының тиімді-лігіне түркістандықтар көз жеткізе бас-тады. Мамандар оңтүстік өңірдегі су тапшылығының екі есеге дейін азаюын сонымен байланыстырады. Ғалымдар мұның өнім сапасына кері әсері болмай-тынын айтады, керісінше 3 есеге дейін артуына мүмкіндік беретінін дәлелдеген.

Түркістан – елдегі суармалы жерлер-дің төрттен біріне ие. Ал мұндай аграрлық аймақта су тапшылығы белең алған шақ-та жаңа технологияның қолданысқа өнуі – құптарлық бастама. Биыл бұл өңірде су үнемдеу технологиясы енгізілген егіс алқаптарының көлемі 114 мың гектар-ға жеткен. Алдағы бесжылдықта оның көлемін жергілікті шаруалар 2 есеге дейін көтеруге бел буып отыр. Мұндай технологияларға қолжетімділікті қа-лыптастыру мақсатында Түркістанда 6 кәсіпорын ашу жоспарланған. Бүгінде оның 4-еуі нақты жұмыс жасайды. Қал-ғанын іске қосу келер жылдың өнішінде. Егер бұл жоба жүзеге асса, жылына 198 мың гектар егіс алқабын су үнемдеу техно-логиясымен қамтамасыз етуге жол ашылмақ.

Қызылордалық шаруалар да суды үнемдеуге басымдық берген

Қызылорда облысы да бүгінде су үнемдеу технологиясын енгізуді кү-шейтті. Сондай-ақ қалыптасқан мәсе-лемен күресуде сырбойлық диқандар басқа да тәуекелдерге барып отыр. Мәселен, аймақта егінді әртараптан-дыруға басымдық беріледү. Суды аз қажет ететін дақылдарға ден қойған жергілікті шаруалар бүгінде күріш көле-мін қысқартқан. Сонымен қатар егіс ал-қаптарын тегістеу жұмыстары да атал-ған мәселені ауыздықтауға айтарлықтай қолғабыс болған.

Келер жылы тұтынушылар судан тап-шылық көрмеуі үшін және Сырдария өзе-нінің төменгі ағысында төтенше жағдай туындауына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысында 2026 жылы күріш егістіктерінің алаңы 70 мың гектардан аспауы тиіс. Сыр елінде егіс алқаптары жыл сайын оңтайландырылып жатқа-нымен орташа өнімділіктегі өсім қалып-тасқан. Мәселен, былтыр 85 мың гектар алқаптың әр гектарында 58 центнерден орташа өнім алына, биыл 80 мың гек-тар егіс алқабының әр гектарынан 58,1 центнер өнім жиналды. Бұған жана кү-ріш сұрыптарын енгізу және заманауи техниканы пайдалану оң әсерін тигізіп отыр.

Қазіргі таңда Қызылорда облысында су үнемдеу технологияларын қолдана-тын егістік көлемі артқан. Егіс алқап-тарында судың ысырап болуының алдын алу үшін лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл өңіс суды 20 пайызға дейін үнемдеп, өнім көлемін арттыруға жол ашуда. Быылдың өзінде аймақта 60 мың гектар күріш алқабы тегістелген.

Алдағы жылы қысқарған күріш ал-қабының орнына майлар дақылдар егілмек, яғни отандық ғалымдар арпа, бидай, түйежоңышқа, қант құмайы мен қызылшаның бірнеше сұрпын егуді ұсы-нып отыр. Бұл бір жағынан топырақтың құнарын арттыруға да сеп болмақ.

Заманауи су үнемдеу технологияла-рын енгізу тәуекелдерді азайтып, АӨК-тің орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Бүгінде бұл технологиялар республика бойынша 543,5 мың гектардан астам жерде қолданылуда. Оның ішінде 315 мың гектар жанбырлатып суару техно-логиясымен жүзеге асты. 165 мың гек-тар тамшылатып суару өдісіне негіздел-ген. Бұл бізге 20-30 пайызға дейін суды үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 1,3 млн гектарға дейін жеткізу көзделіп отыр. Бұл елдегі суармалы жерлердің шамамен 70 пайызын құрайды. Қазірдің өзінде бұл мақсатқа жету үшін Үкімет кешенді ша-ралар қабылдауда. Соның ішінде субси-диялау мәселелері де шешілуде.

Вегетациялық кезең басталғанға дейін жергілікті билік диқандар арасында тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізуді бастап кетті. «Қазсушар» РМК ылғалды көп қажет ететін дақылдарға бекітілген лимиттерге қатаң сәйкес келетін су беру шарттарын жасаады, сондай-ақ құқық қорғау органдарымен бірлесіп, алдағы вегетациялық кезеңде «қара су нарығы-



мен» күресті күшейтеді.

Алдағы вегетациялық маусымда жо-ғарыдан келетін су көлемі айтарлықтай азаюы мүмкін. Ондай жағдайда су үн-емдейтін технологиялар тыңайтқыштар мен өсімдікті қорғау құралдарымен қат-тар өсімдік шаруашылығы жүйесінің мін-детті элементі болуы тиіс. Қызылорда облысының өкімдігі Су ресурстары және ирригация министрлігі, Ауыл шаруашы-лығы министрлігі және ғылыми ұйым-дармен бірлесіп, иновациялық пре-параттарды қолдану үшін кемінде 100 гектар жер телімін анықтап, оларды жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржылық қолдауды қамтамасыз етуі мүмкін.

Су шаруашылығындағы ахуал өз-герген жағдайда Су ресурстары және ирригация министрлігі 2026 жылғы вегетациялық кезеңге арналған өңірлер бойынша су тұтыну лимиттерін келер жылы ақпан айына дейін Ауыл шаруа-шылығы министрлігіне жолдамас. Ал Ауыл шаруашылығы министрлігі 2026 жылы наурыз айына дейін ылғалды көп қажет ететін дақылдардың егістік құрылымын нақты қолжетімді суару суының көлеміне сәйкес түзетеді.

Бүгінде облыста бұл мәселенің алдын алу үшін су қоймасын салу жоспарланып отыр. Қазірдің өзінде «Қараөзек» су қой-масының жобасы дайын. Жоба толық жүзеге асса, «Қараөзек» каналы бойын-дағы шабындықтар, жайылымдар мен шағын көлдерге су мол берілмек. Қой-маның сыйымдылығы 775 млн текше метр су жинауға қауқарлы.

Қызылорда бұл қадамға жайдан-жай барып отқан жоқ. Соңғы жылдары өзен суы да төмендеп барады. Мұның бәрі егінмен айналысатын шаруаларды қос бүйірден қысып тұр. Қазір бұл су қойма-сына қатысты тиісті министрлікпен жұ-мыстар жүруде. Бұйыртыса, келер жылы құрылыс жұмыстары басталмақ.

Қазірдің өзінде Сыр елі күрішті кө-шеттеп егуге көшуді бастамақ. Бүгінде шаруалар бұл тәсілді енгізуді қолға алуда. Сол арқылы бір айда тұтынатын суды үнемдеуге қол жеткізбек.

Аудандағы ахуал қалай?

Биыл Жалағашқа 1 млрд 97 мың тек-ше метр су бөлінген. Оның ішінде 1 млрд 5,434 млн текше метр су нақты алынған. 757,428 млн текше метр су егінді тұрақты суаруға бөлінсе, экологияға 248,006 млн текше метр су бағытталған.

2025 жылы ауданда 193 шаруашы-лық құрылымымен келісім-шарт жасал-ған. Жинақталған барлық егіс көлемі 28808,25 гектарды құрайды. Оның ішін-де Сырдың басты дақылы 19 297 гектар алқапқа егілген.

Биыл ауданда 11,6 мың текше метр шаруашылық каналдарды ретке келтіру межеленген. Бұл меже 100 пайыз орын-далды. Сонымен қатар 472 мың текше метр ішкі шаруашылық каналдарды биылғы науқанға дайындау көзделіп, жоспар 80 пайызға орындалды. Гидро-техникалық құрылыстарға келсек, 5 ша-руашылық канал қалыпқа келтірілген. Бұл меже ішкі шаруашылық каналдарда 92 пайызға орындалған. Сонымен қатар насос қондырғысы, 7 гидрометрлік бекет жөнделген.

«Жалағашсушар» ӨУ бойынша 2026 жылы су алу науқанына су жолдарын дайындау келер жылы наурыз-сәуір айында тағы бір нақтыланбақ. Су беру маусымында шаруашылықтарға егіс кө-леміне сәйкес 591 млн 759 мың текше метр су жеткізілді.

Жалағаштағы шаруашылық суды үнемдеудің тиімділігін көріп отыр

«Ер-Әлі» шаруа қожылығының төра-ғасы Әліби Бекжанов салаға су үнемдеу технологиясын алғашқылардың бірі болып қолданысқа енгізді. Ол бүгінде жаңа технологияның тиімділігін кө-ріп отыр. Шаруа адамы бастапқыда 30 гектар алқапқа су үнемдеу техно-логиясын енгізді. Бұл – ауданда ғана емес, Қызылорда облысында бірінші автоматтандырылған тоспа. Жаңа құ-рылғы әр литр сайын өтетін судың мөл-шерін есептеп, автономды түрде күн сәулесінен қуат алатын батареялармен жұмыс істеді. Осыдан екі жыл бұрын ол маусымында 20 мың текше метр су үнемдеді. Жалпы біздің Сыр еліне қажет құрылғының бірі де бірегейі осы. Суды үнемдеуді қазірден бастамасак, ертең көш қаламыз.

Қазіргі таңда шаруашылықтың егіс алқабы 100 пайыз тегістелген. Сонда да төраға суды үнемдеу технологиясын қолданып отыр. Демек Әліби Бекжа-новтың су пайдалануда ысырапшыл-дыққа мүлде жол бергісі жоқ. Тіпті шал-ғайдағы Аққыр ауылында іске қосты. Ондағы егіс алқабына осыған дейін қа-шыртқы суды да көдеге жаратты.

Әлекеңнің салаға тыңғылықты да-йындықпен келгеніне бұған дейін де көзіміз жеткен. Ізденімпаз іскер азамат бір жағынан егінді әртараптандыруға да басымдық беріп келеді. Қаншама гектар егіс алқабын бақша өнімдерін егуге бағыттағанына да бірнеше жыл болды. Қазір оның қолға алған әрбір жо-басының жемісін халық та көріп отыр.

Жалпы шаруашылық 2013 жылдан бері суды үнемдеуді бастап кетті. Сол кезде аймақта алғашқылардың бірі бо-лып жер тегістеуге күш салды. Былтыр Австралиядан суды автоматтандыру және есепке алу құрылғысын қолда-нысқа енгізді. Төраға оның тиімді тұсы көп екенін айтады. Тіпті ысырап болып жатқан судың да барын жасырмайды. Егер мұның бәрін қалыпқа келтірсе, тіпті игерілмей жатқан жерлерді де қолданысқа енгізуге жол ашылатынын жасырмайды. Өзі егістік мәдениетін қа-таң сақтайды және әріптестерін де осы-ған үндейді.

Бұл мәселе қазір мемлекеттің бас-ты назарында, 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің шеңберінде инвестициялық шығындар-ды өтеуге бағытталған жалпы транс-ферттер көзделген. Ал қаржыландыру көлемі 215 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Енгі алдағы болжамдық вегетациялық кезеңді ескере отырып, егін егу тиімді жоспарласна, шаруалардың аяқсуға қа-тысты мәселесі айтарлықтай жеңілдеуі мүмкін.

Бүгінде фермерлерге суды пайда-лану ашықтығын қамтамасыз ету және су ресурстарын есепке алуды одан әрі цифрландыру үшін биллинг жүйесі енгі-зілуде. Бұл – фермерлерді сумен қам-тудың толық циклін біріктіретін бірыңғай цифрлық платформа. Оның ішінде өті-нім беру және келісім-шарт жасасудан бастап, нақты тұтынуды есепке алу же-не төлем жасауға дейінгі функцияның барлығы бар. Жүйе процестерді оңтай-ландырады, суды бөлу мен есеп айы-рысудың ашықтығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ нақты көлемдерді дәл есепке алуға мүмкіндік бермек.

Күріш көлемін қысқарту мәселенің түбегейлі шешімі ме?

Жол картасына сәйкес Қызылорда облысында күріш алқабы 77 мың гек-тардан, ал Түркістанда 3,5 мың гектар-

дан аспауы керек. Қызылордада келер жылы оның көлемі тағы 7 мың гектарға қысқармақ. Әлбетте ауыл шаруашылы-ғының басқа да дақылдарына қарағанда күрішке су 4-5 есе артық пайдаланылады. Бірақ мұнымен су тапшылығы мәселесі түбегейлі шешіледі деу тағы қиын. Бұл тұста таяқтың екі ұшы барын ескерген дұрыс. Бұл елдегі аяқсуға қатысты тапшылықты шешкеннің өзінде екінші кезекте жұмыссыздық мәселесінің белең алуына сеп болуы ғажап емес. Өйткені оңтүстік өңірлердегі, әсіресе ауыл хал-қының көбісі ауыл шаруашылығы са-сында еңбек ететінін ескерген жөн.

Бір жағынан бұл күріштің нарықтағы бағамының өсуіне алып келуі мүмкін. Өйткені ұсыныс аз болған жерде сұраныс артатыны анық. Ал сұраныстың артуы нарықта өнім бағасының қымбаттауына алып келеді. Мұндай жағдаймен бұған дейін де бетпе-бет келгенбіз. Мәселен, бір уақытта елде картопқа сұраныс артқанда бұл дақылдың нарықтағы ба-ғасы қымбаттаған болатын. Ал күрішке қатысты дәл осындай жағдай қалып-таса, елде қаншама егіс алқабы бола тұра импортқа тәуелділік туындауы мүм-кін. Ол кезде мемлекетте бір ғана амал бар, яғни кешегі сиыр еті қымбаттағанда экспортқа шектеу қою сияқты. Бұл тағы шаруалар жұмысының шатқаяқтауына алып келеді.

Оңтүстік өңірлерде күріш пен мақ-таның егіс көлемін қысқарттық делік, бірақ оның орнына қандай өнімдер егі-леді? Егер шаруалар суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық берсе, тауардың алдағы уақытта өтетініне кім кепіл? Оның үстіне Түркістан мен Қы-зылорда өңіріне көз келген дақылды егу де оңай шаруа емес.

Сала мамандары қанттық қамысты егуге болатынын айтады. Шетелде му-ны ауыл шаруашылығы саласына алғаш енгізген Куба мен Латын Америкасы қаз-ір оның жемісін көріп отыр. Ал біз ше? Жергілікті шаруалар өнімнің бұл түрін қолданысқа енгізген жағдайда табысқа көеле ме? Ол үшін бізде өнімнің бұл түрін өндіретін зауыттар салынуы ке-рек. Жалпы елде басқа да өнімдерді өндіретін зауыттар болмағасын жергілік-ті шаруалар қызылша мен жоңышқа ға-на егеді.

Қазақстанда 500-ге жуық су каналы бар, жалпы ұзындығы 49 мың шақы-рымды құрайды. Оның 70 пайызы – арық, яғни су жерге сіңіп кетуге бейім. Осы тұста шаруалар каналдар бетон-дасқа дейді.

Ғалымдар суды күрішке көп пайда-лану өнім сапасына айтарлықтай оң әсер етпейтінін айтады. Басты себепті олар әр сұрыптың ерекшелігімен бай-ланыстырады. Осы ретте күріштің өрте пісетін сұрыптарына басымдық беруі-міз қажет деп есептейді. Бірақ оған на-рықтың сұранысы қалай? Бұл жағы тағы да зерттеуді қажет етеді.

Жалпы аяқсу тапшылығына қатысты мәселенің алдағы уақытта түйін тарқа-тылуы қиын. Дәл осындай кезеңде қайтпек керек? Иә, бірінші кезекте егіс-ті әртараптандыру, суды аз қажет ете-тін дақылдарға басымдық беру, жерді тегістеу өзекті. Ал су үнемдеу техноло-гияларын қолданысқа енгізуге басым-дық беру өзирге тығырықтан шығатын басқа амал болып тұр. Өйткені бұл Қа-зақстанға ғана емес, әлемнің көптеген еліне ортақ мәселеге айналып отыр. Бастысы, Үкімет ұсынған жобалар мен шаруалар әрекеті қабысу керек.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Басы 1-бетте

Осыған дейін ел ішінде жедел жәрдем қызметкерін соққыға жыққан адамның видеосы әлеуметтік желіде желдей есті. Бұған қатысты тиісті министрлік те арнайы мәлімдеме жасады. Тіпті ақхалаттылардың құқығы толық заңмен қорғалатынын айтты. Жуырда ҚР Парламентінің Мәжілісі Мемлекет басшысының медицина қызметкерлеріне қатысты күш қолдану және қатыгездік әрекеттері үшін жазаны қатаңдату жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде әзірленген Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге енгізілетін түзетулер топтамасын қабылдады. Заң жобасы Қылмыстық кодекске қызметтік міндеттерін атқару кезінде медицина қызметкерлерінің, сондай-ақ жедел медициналық жәрдем бригадалары жүргізушілерінің өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қол сұққаны үшін қылмыстық жауапкершілік белгілейтін жаңа бап енгізуді көздейді.

Әр саланың маманына құрмет болуы тиіс



Ұсынылып отырған нормаларға келсек, енді күш қолда-намын деп қорқытқаны үшін 200-ден 500 айлық есептік көр-сеткішке (АЕК) дейін айыппұл салу қарастырылып отыр. Болмаса сол мөлшерде түзеу жұмыстары, 300 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар, 2 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Мұндай әрекеттер ауырлатыын мән-жайлармен жасалған жағдайда жаза қатаңдатылмақ. Толығырақ айтсақ, 2 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостанды-ғынан айыру түрінде белгіленеді.

Өмірге және денсаулыққа қауіпті емес күш қолданғаны үшін 500-ден 1000 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін айыппұл салу қарастырылып отыр. Болмаса сол мөлшерде түзеу жұмыстарына жөгіледі, яғни 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар, 2 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Жаңа нормада өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қол-данғаны үшін 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы да қарастырылып отыр. Ал ауырлатыын мән-жайлар болған жағдайда 7 жылдан 12 жылға дейін бас бос-тандығынан айыру жазасы көзделген. Сонымен қатар заң жо-басында қылмыстық-процестік кодекске осы санаттағы істер бойынша алдын ала тергеп-тексеру мен анықтауды ішкі істер органдарының құзыретіне бекіту нормасы енгізіледі.

Бұған дейін Мемлекет басшысы Үкіметке медицина қызметкерлеріне күш қолдану және қатыгездік көрсету ар-қылы жасалатын шабуылдар үшін жауапкершілікті күшей-туге бағытталған заңнамалық өзгерістер әзірлеуді тап-сырған болатын. Президент мұндай оқиғалар медицина қызметкерлерінің денсаулығы мен жағдайына зиян келтіретінін атап өтіп, олар «Заң және тәртіп» қағидаттарына сәйкес құқық-тық аланда қатаң түрде тоқтатылуы тиіс екенін атап өтті.

Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша 2019 жылдан бері Қазақстанда дәрігерлерге, фельдшерлерге, мей-іргерлерге және денсаулық сақтау жүйесінің басқа да қыз-меткерлеріне қатысты 280-нен астам шабуыл дерегі тіркелген. Жыл өлі аяқталған жоқ, биылдың өзінде мұндай 58 факт анық-талған.

Медицина қызметкерлері мен пациенттердің қауіпсіздігін арттыру мақсатында бүгінде ел бойынша 152 стационарда тәулік бойы жұмыс істейтін полиция посттары орналастырылған. «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп, Астана және Алматы қа-лаларында жедел медициналық жәрдемнің 10 бригадасын смарт-бейнежетондармен жабдықтау бойынша пилоттық жоба іске асырылды. Жобаның тиімділігі пациенттермен туындайтын жанжалды жағдайлардың 90 пайызға дейін төмендегенін көр-сетті.

Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігі 2,1 мыңнан астам жедел медициналық жәрдем фельдшерін 3,6 мың бей-нежетонмен қамтамасыз ету, медициналық ұйымдарда жа-санды интеллект талдауы бар бейнебақылау жүйелерін енгізу, сондай-ақ 636 қабылдау бөлімшесінде дабыл түймелерін орнату мәселелерін пысықтауда. Министрлік Қазақстан азаматтарын медицина қызметкерлеріне құрметпен және жауап-кершілікпен қарауға шақырады. Әрбір медицина қызметкері – денсаулық сақтау жүйесінің тірегі, күн сайын өмірді сақтап, шұғыл және сын-қатерге толы жағдайларда көмек көрсетіп жүр.

Асылы, медицина саласы қызметкерлерінің жұмысы қа-уырты, әліндей жағдайлардан бөлек олардың жұмысына ке-дергі келтіретін басқа да фактілерге талай күйе болғанбыз. Енді мұның бәрі жаңа заңда тайға таңба басқандай көрсетілген.

Жалпы әрбір адамда барлық саланың қызметкеріне құр-мет болуы тиіс. Дұрыс, әркім өзі үшін еңбек етеді. Бірақ сол жолда бейбіт қоғамда ешкім ешкімнен зәбір көрмеуі керек. Мұ-ның тиімді тұсы тағы да заңға келіп тіреледі. Қазірдің өзінде өзгертулер мен толықтырулар енгізілген заңды халық қалау-лылары қарады. Енді күшіне өнсе, бәрі де реттелмек.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 87242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №2184

Кезекші редактор: Гүлжан Есжан